

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 8)

№	Атауы	Сипаттамасы	саны
1	StataNow MP 19 (2-core), Single-user лицензия	Атауы: Бағдарламалық қамтамасыз ету – статистикалық талдау үшін арналған лицензия Коммерциялық атауы: StataNow MP 19 (2-core), Single-user Сипаттамасы: - Бағдарлама: Stata MP 19 – статистикалық, эконометрикалық және графикалық талдауға арналған - Лицензия түрі: Single-user (жеке қолданушыға арналған) - Процессор ядролары: 2-core нұсқасы - Орнату тәсілі: Электронды жеткізу (жүктеу сілтемесі және активация коды) - Платформалар: Windows, macOS, Linux - Лицензия мерзімі: 3 жылдық Қолдану саласы: - Университеттер, ғылыми-зерттеу ұйымдары - Статистика, экономика, әлеуметтану, медицина және басқа да зерттеу салаларында қолдану - Деректерді өңдеу, регрессиялық талдау, графикалық визуализация, модельдеу Жеткізу түрі: - Электронды түрде жеткізіледі: активация коды және ресми сілтеме арқылы жүктеу Қажетті құжаттар: - Қабылдау-тапсыру актісі - Лицензиялық келісімнің растамасы (электронды хат немесе сертификат түрінде)	1
2	PIX4D Fields Professor лицензия	Өнім атауы PIX4D Fields Professor — агроөнеркәсіптік кешендегі егіс алқаптарын 3D модельдеу және NDVI/VARI талдауға арналған программалық жасақтамаға лицензия. Қолданыс мақсаты - Дрон арқылы түсірілген суреттер негізінде NDVI карталарын құрастыру - Өсімдік денсаулығын визуалды бақылау - Өнімділік пен тыңайтқыш қолдану стратегиясын оңтайландыру - Дәл егіншілікке арналған геодеректерді өңдеу Функционалдық мүмкіндіктері - Топырақ пен дақыл жағдайының вегетациялық индекстерін есептеу (NDVI, NDRE, RGB т.б.) - Агрономиялық аймақтарға бөлу - Бірнеше дрон үлгілерінен алынған деректерді импорттау (DJI, Parrot, т.б.) - Offline режимде жұмыс істеу (интернетсіз) - Ортофотопландар құру - Геотегтелген деректерді экспорттау (SHAPE, GeoTIFF, PDF) - Фотограмметриялық есептеулерді автоматтандыру Лицензия түрі: - Бессрочная (Perpetual) Жеткізу түрі:	1

	- Электронды түрде жеткізіледі: активация коды және ресми сілтеме арқылы жүктеу Қажетті құжаттар: - Қабылдау-тапсыру актісі - Лицензиялық келісімнің растамасы (электронды хат немесе сертификат түрінде)	
Барлығы		2

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.